

Қазақтың қоршаған орта және климат мониторингі ғылыми-зерттеу институты туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 16 тамыз N 1129

Климат өзгерісі туралы Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының Негізгі Конвенциясын орындау жөніндегі міндеттемесін және озон қабатын қорғау жөніндегі Вена Конвенциясы мәселелерін, озон қабатын бұлдіруші заттар туралы Монреаль хаттамасын және басқа да халықаралық шарттарды жүзеге асыру қажеттігін назарға ала отырып, сондай-ақ гидрометеорологиялық және қоршаған орта мониторингі салаласындағы мемлекеттік экологиялық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру және қоршаған орта мен климаттың өзгерісі тенденцияларын зерделеу жөніндегі ғылыми зерттеулерді одан әрі дамыту үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы

Гидрометеорология жөніндегі бас басқарманың мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісілген Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармаға қарасты Қазақ гидрометеорологиялық ғылыми-зерттеу институтын (ҚазФМФЗИ) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасының Қазақтың қоршаған орта және климат мониторингі ғылыми-зерттеу институты (ҚазҚОҚМФЗИ) етіп қайта құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақтың қоршаған орта және климат мониторингі ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметінің мынадай негізгі бағыттары бекітілсін:

қоршаған ортаның кешенді мониторингін енгізу әдістерін әзірлеу және оның табиғатқа тигізер техногендік әсеріне баға беру;

озон қабаты мониторингін жүзеге асыру, оның бұзылуы мен қалпына келу процестерін зерттеу, озон қабатына адамның әсер етуін болдырмау шараларының жүйесін әзірлеу;

табиғи ортаның ластануы мониторингі ұйымын және қоршаған ортаның ластану процестерін зерделеу, оны сауықтыру жөнінде ұсынымдар дайындау;

гидрометеорологиялық процестер мен климат өзгерістерінің заңдылықтарын зерделеу, ауа райын, өзен сулары мен су қоймаларындағы тоспа суларды, ауыл шаруашылығы дақылдары мен жемдік дақылдардың, жайылымдар мен мал шаруашылығының өнімділігін ұзак мерзімді және қысқа мерзімді болжау әдістерін әзірлеу және жетілдіру;

климаттық, гидрологиялық және агрометеорологиялық ресурстарды, олардың

табиғи және антропогендік факторларының әсерінен болуы мүмкін өзгерістерді зерттеу, осыларды еске ала отырып, республика шаруашылық салаларының міндеттерін шешу кезінде ұсынымдар әзірлеу;

Арал теңізінің, Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінің, Балқаш көлінің, Семей ядролық полигонының, Байқоныр ғарыш айлағының және соларға іргелес аумақтардың гидрометеорологиялық режимін кешенді зерделеу, гидрометеорологиялық шараларды ескере отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану үшін ұсынымдар әзірлеу;

тосын гидрометеорологиялық құбылыстарды, сел процестерінің және қар көшкінінің механикасын, оларды есептеу модельдері мен болжау әдістерін жасау, сондай-ақ жер бетіндегі радиациалық жағдайды зерделеу;

қоршаған орта мониторингінің және гидрометеорологиялық қызмет көрсету жүйесінің экономикасы, оларды басқару және ұйымдастыру;

аяу райын және климатты болжаудың дәстүрлі емес әдістерін зерделеу;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы бөлімшелерінің жедел-өндірістік қызметін ғылыми-әдіstemелік басқару.

3. Қазақтың қоршаған орта және климат мониторингі ғылыми-зерттеу институты занды тұлға болып табылады және оның дербес балансы болады деп айқындалсын.

4. Қазақтың қоршаған орта және климат мониторингі ғылыми-зерттеу институты басшы және ғылыми қызметкерлерінің жалақысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы ғылыми-зерттеу мекемелерінің басшы және ғылыми қызметкер санаттарына сәйкес деңгейде белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы шығыс сметаларын жасаған кезде Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен келісім бойынша Қазақтың қоршаған орта және климат мониторингі ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруды көздесін.

6. "Қазақ гидрометеорологиялық ғылыми-зерттеу институты туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 19 мамырдағы N 443 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы., 1992 ж. N 20, 321-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК